


ТАҚЫРЫП 9. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ



- **Лоро шоттар** (итал. loro conto олардың шоты) респондент банкіге ашылатын корреспондент-шот.
- Бұл шот бойынша корреспондент-банк қолданыстағы заңдарға және корреспонденттік шартқа сәйкес қаражатты есептеу және аудару операцияларын жүзеге асырады (респондент-банкідегі **Ностро шот** болып табылады)



□ **Корреспондент-банк - корреспонденттік шарт** (мәлімет беру шарты) негізінде басқа банкінің тапсырмасын арнайы ашылған шоттар арқылы орындайтын — клиенттерге қызмет көрсететін, сондай-ақ банк аралық операцияларды, төлемдер мен есеп айырысу бойынша бір-біріне берілетін тапсырмаларды орындайтын банк.



- ▣ **Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ)** – ұсақ төлемдерге арналған клиринг жүйесі. Көрсетілген жүйеде барлық төлемдер нетто (таза) негізде жүзеге асырылады. БКЖ-ның негізгі бағыты шағын сомаға көптеген бөлшек төлемдер жүргізуден тұрады. БКЖ қаражат пайдаланушының шотында алдын ала депоненттелмей, көпжақты негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте жүйеде бір төлем үшін 5 млн. теңгеге тең барынша жоғары сомаға шектеу белгіленді.



- Жүйеде валюталау күнін пайдалануға, яғни жүйеге төлем құжаттарын үш күнге дейінгі болашақ төлем күнімен жіберуге болады. Болашақ валюталау күнімен түскен құжаттар көрсетілген күн басталғанға дейін жүйеде сақталады, осыдан кейін клирингте өңделеді. Бұл қатысушыларға өз өтімділігін күні бұрын жоспарлауға мүмкіндік береді. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымдары БААЖ-да жүзеге асырылады. Жүйенің әрбір қатысушысы өзінің жүйедегі барлық төлемдері туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.



БКЖ-ның жаңа операциялық күні сағат 16:00-де басталады. Құжаттарды жүйеге қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады. БКЖ ерекшелігі төлем құжаттарының жеке өңделмей, сондай-ақ есеп айырысу сәтіне дейін FIFO қағидаты бойынша кезекке қойылатындығында. Клирингке қатысушылардың операциялық күн жабылғанға дейін жүйеге жіберілген төлем құжатын қайтарып алуға мүмкіндігі бар.

Жүйеге қатысушылардың қарсы талаптары бойынша есеп айырысу ағымдағы төлем күнімен күніне бір рет 15:00-ден 16:00-ге дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте төлем құжаттарын есепке алу басымдық кодтарына сәйкес жүргізіледі, ал бір басымдық коды шегінде төлем құжаттары олардың кезекке түсу тәртібімен өңделеді.



- Есепке алу қорытындысы бойынша әрбір қатысушының таза позициясы анықталады. Клиринг қатысушысының таза дебеттік позициясы осы қатысушының БААЖ-дағы ақша сомасынан аспауы тиіс. Түпкілікті есеп айырысу үшін БААЖ-дағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда, БКЖ-да төменірек басымдықпен кезекте тұрған төлемдер жойылады.
- Клиринг нәтижелері бойынша түпкілікті ақша аударымы БААЖ арқылы жүзеге асырылады. Ақша аударымы аяқталғаннан кейін клиринг жүйесінің жаңа операциялық күні басталады.



- **Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (БААЖ)** елдің нақты уақыт режиміндегі жалпы есеп айырысулар жүйесі (бұдан әрі – RTGS) болып табылады, яғни құжат жеке өңделеді және ақша аудару әрбір төлем құжатының негізінде жүзеге асырылады.
- Жүйедегі ақша аударымы пайдаланушының Ұлттық Банкте ашылған өзінің корреспонденттік шотынан Ұлттық Банктегі жүйенің арнайы белгіленген шотына аударылған ақша сомасы, сондай-ақ БААЖ басқа пайдаланушыларынан түскен ақша сомасы шегінде жүзеге асырылады. Жүйенің шоты Ұлттық Банкте жүйедегі ақша аударымдарын орындау кезеңінде пайдаланушылардың ақшасын есепке алу үшін қызмет етеді.



- БААЖ-дың мақсаты елдегі неғұрлым ірі және басымдыққа ие төлемдерді өңдеу болып табылады. БААЖ арқылы кредиттік, сол сияқты дебеттік аударымдарды жүргізуге болады. Жүйе операциялық күн ішінде ұлттық валютамен (теңгемен) есеп айырысулар жүргізудің түбегейлілігін қамтамасыз етеді. БААЖ-да төлемдер тек қана электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.
- БААЖ-ды Ұлттық Банк басқарады, ал жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін оператор Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) болып табылады.



- БААЖ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңда және «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Заңда көрсетілген берік құқықтық базаға негізделген. Сондай-ақ БААЖ-да Ақша аудару ережесі, Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру ережесі, сондай-ақ басқа ережелер мен стандарттар әзірленді және қолданылуда, мұнда жүйенің жұмыс істеу рәсімдері жан-жақты ашылған.



- БААЖ-де ҚБЕО бекіткен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері сақталады, электрондық хабарларды өткізу фактісін растауға және оларды өткізу кезінде қателерді анықтауға бағытталады. ҚБЕО және пайдаланушылар жіберілетін және алынатын электрондық хабарларды есепке алуды қамтамасыз етеді және бақылауды жүзеге асырады. БААЖ-де өңделген барлық электрондық хабарлар аудиторлық із қалдырады.



1-сурет. БААЖ пайдаланушыларының электрондық хабарлар алмасуы.



SWIFT

- Қаржылық мекемелер арасында мәліметтерді беру үшін халықаралық жүйе жасау мақсатында 1973 жылы Еуропа мен Солтүстік Американың 15 елінен 239 банк Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunication – SWIFT (Халықаралық банкаралық қаржылық телекоммуникациялар бірлестігін) құрды. Бүгінде SWIFT қаржылық телекоммуникация өрісінде дүние жүзі бойынша оперативтік қауіпсіз және сенімді қаржылық хабарларды беруді қамтамасыз ететін жетекші халықаралық мекеме болып саналады.



- SWIFT әлем қаржылық бірлестігінің қуаттауына ие болды, ал оның ұсынған және іске асырған концепциясы, қаржылық ақпараттарды беру ережелері мен үлгілері іс жүзінде үлгі статусын алды. SWIFT жүйесі бойынша берілетін күн сайынғы хабарлар көлемі жалпы сомасы 5 триллион АҚШ долларын құрайтын 4,9 млн. хабардан асты.
- Қазіргі уақытта 190 елдің 7000 артық ірі банктері мен қаржылық мекемелер SWIFT пайдаланушылары болып саналады, олардың арасында брокерлік фирмалар, құнды қағаздармен жұмыс істейтін компаниялар, биржалар, орталық депозитарийлер және басқалар бар.



ҰЛТТЫҚ КЛИРИНГ

- Visa халықаралық төлем ассоциациясының өз мүшелері-қаржылық мекемелерге көрсететін әртүрлі қызметтер арасында Ұлттық клиринг domestic-транзакциялар қызметі болып саналады. Visa-ға қатысушы-банктерінің есеп банкіге салынатын сақтандыру депозиттер түріндегі Ұлттық клиринг бұл қызметтің артықшылығы валюттық қорды үнемдеуден тұрады. Ұлттық клиринг нәтижелері бойынша таза позиция ұлттық валютамен есептелетіндіктен ақшаны конвертациялау қажеттігінің жоқтығы есебінен ақшаны үнемдеу пайда болады. Осындай Ұлттық клиринг СЕМЕА регионьындағы көпшілік елдерде (Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, Африка, ТМД елдері мен Балтық елдері) жүзеге асырылады.

- Қазақстанда Ұлттық Крилинг (KAZNNS) 1999 жылдан жұмыс істейді. KAZNNS есептеу Агенті ҚБЕО болып саналады.
- Қазіргі уақытта Қазақстанның 10: ТұранӘлемБанкі, Қазақстан Халық Банкі, Қазақстан Сити банкі, ABN AMRO Bank, Казкоммерцбанк, «АЛЬФА-БАНК» ЕНШІЛЕС БАНК АҚ, АТФ "БАНК", НұрБанк, ЦентрКредитБанк, Альянс Банк банктері KAZNNS қатысушылар болып саналады



- ❑ **CHAPS** (англ. *The Clearing House Automated Payment System (CHAPS)*) – Ұлыбританиядағы клирингтік есеп айырысу жүйесі. Жүйенің жұмысы CHAPS Clearing Company Limited компаниясымен жүргізіледі, ол Лондонда 1984 ж. құрылған.
- ❑ Жүйе 14 банкті (CHAPS Clearing Company Ltd Басқару комитетіне кіретін), Банк Англии және есеп айырысулардың 400 астам басқа қатысушыларын байланыстырады.
- ❑ Осы жүйе арқылы қаражаттарды аудару туралы хабар алған банктер несие алушыға қаражатты хабар алған күні беру керек.
- ❑ Жүйе өзара есеп айырысу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді, бірақ транзакция құны (25 GBP аударым үшін) салыстырмалы түрде қымбат, мысалы BACS арзан есеп айырысу жүйесімен салыстырғанда.



- ЧИПС Клирингтік палатаның банкаралық төлем жүйесі (Clearing House Interbank Payments System - CHIPS) ол "он-лайн" (on-line) және «нақты уақыт» режимінде ісін атқаратын ірі халықаралық долларлық төлемдер б/ша есеп айырысуларға арналған жеке меншік компьютерленген желі б.т. ЧИПС Нью-Йорктің клирингтік палата Ассоциациясының иелігінде (New York Clearing House Association) және оның мүшелерімен колданылады.

